

**Мұсырманқұл П.Б.<sup>1</sup>, Үмітқалиев Ұ.Ұ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>2 курс PhD докторанты, e-mail: pmusilmankul@bk.ru

<sup>2</sup>Т.ғ.к., доцент, e-mail: uumitkaliev@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

## **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ӨРТЕП ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРІ: ГЕНЕЗИСІ МЕН ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ**

Мақалада авторлар Шығыс Қазақстанның қола дәуірі мәселелерін қарастыра отырып, оның ішінде осы кезеңдегі өңірдегі қола дәуірі ескерткіштерінің қалыптасу мен таралу ерекшеліктері, миграциялық үдерістер, жерлеу дәстүрлеріндегі ерекшеліктер сынды мәселелерге кеңінен тоқталады. Федоров мәдениетінің өзіндік белгісі саналатын өртеп жерлеу дәстүрлерінің қалыптасуы мен аймақтық белгілерін ашып көрсеткен. Сонымен қатар, мақалада қола дәуіріндегі жерлеу салттарының жергілікті халыққа тиістілігі немесе оған сырттан келген халықтардың ықпалы болды ма, деген түйткілді сұрақтарға жауаптар ізделді. Бүгінгі күнге дейін ғалымдар Шығыс Қазақстанның қола дәуірін қарастырғанда өлкені жапсарлас аймақтардан оқшау, бөлек зерттеп қарастырған. Мақалада ресейлік және отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары салыстырыла талданды. Сондай-ақ, авторлар тарапынан археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген Шыңғыстау өңіріндегі тың зерттеулер негізінде ғылыми қорытындылар ұсынылды.

**Түйін сөздер:** қола дәуірі, өртеп жерлеу, миграция, кезеңдеме, Федоров, Алакөл.

Mussyrmankul P.B.<sup>1</sup> Umitkaliyev U.U.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctoral candidate, e-mail: pmusilmankul@bk.ru

<sup>2</sup>Candidate of historical sciences, associate professor, e-mail: uumitkaliev@bk.ru

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

### **Ritual burning in the age Eastern Kazakhstan: genesis and interpretation**

The article tells about the issues of the epoch of the Bronze Age of East Kazakhstan, including the peculiarities of formation and spreading of the memorials of that period, issues of migration processes and peculiarities of burial rituals. As well as, a distinctive feature of the Fedorov culture – rituals of burning during the burial are described. Also the belonging of a burial ritual of the Bronze Age to the local population and the influence of the other peoples on it is discussed. Till now the scholars consider the issues of the Bronze Age of East Kazakhstan separately from the neighboring regions. As well as, the scientific analysis of the local and foreign researchers are given in the article. At the same time, the authors showed the final results of the archaeological excavations, carried out in Shyngystau.

**Key words:** Bronze Age, rituals of burning during the burial, migration, periodization, Fedorov, Alakoly.

Мусырманқұл П.Б.<sup>1</sup>, Умитқалиев Ұ.Ұ.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, e-mail: pmusilmankul@bk.ru

<sup>2</sup>к.и.н., доцент, e-mail: uumitkaliev@bk.ru

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

### **Обряд сожжения в эпоху бронзы Восточного Казахстана: генезис и интерпретация**

В статье рассматриваются вопросы эпохи бронзового века Восточного Казахстана, в том числе особенности формирования и распространения памятников этого периода, особенности миграционных процессов и погребального обряда. Также описывается отличительная черта

Федоровской культуры – ритуалы сожжения при погребении. Также обсуждается принадлежность ритуала погребения эпохи бронзы местному населению и влияние на него других народов. До сегодняшних дней ученые рассматривали вопросы эпохи бронзы Восточного Казахстана отдельно от соседних регионов. Также в статье приводятся научные анализы отечественных и зарубежных исследователей. Вместе с тем, авторы показали итоговые результаты археологических раскопок, проведенных в Шыңғыстау.

**Ключевые слова:** бронзовый век, ритуал сожжения при погребении, миграция, периодизация, Федоров, Алакөл.

## Кіріспе

Шығыс Қазақстанның қола дәуірі кезеңін зерттеуде ең түйткілді мәлімелердің бірі жерлеу салтындығы әркімді дәстүрлердің кездесуі болып табылады. Олар мәденигенез тұрғысынан терен зерттеуді қажет ететін құбылыс. Жалпы алғанда, отандық тарихнамада Қазақстанның шығыс аймағының қола дәуірін зерттеу нәтижесінде ғалымдар арасында біржақты пікір болмаған. Оған себеп өлкенің қола дәуірі ескерткіштерінің әралуандығы. Екінші жағынан аталған аймақ көне дәуірлерден мәдениеттердің бастауы және таралу процестерін басынан өткізгендігімен айқындалады.

## Шығыс Қазақстанның қола дәуіріне қатысты негізгі тұжырымдар

Шығыс Қазақстан өңірінің қола дәуірін зерттеу Орталық немесе Солтүстік Қазақстан аймақтарын зерттеу мәселесінен оқшау қарастырылды. Мәселен, С.С. Черников, А.Г. Максимова-лардың негізгі зерттеулері қоныстық материалдарға басымдық бере зерттелді. Өйткені, Қанай, Малокрасноярск, Трушникова секілді тұрақтардың барлығы Ертіс өзенінің екі жақ жағалауында диаметрі шамамен елу шақырым аймақты ғана қамтыған материалдар негізінде жасалған С.С. Черниковтың кезеңдемесі дербес тұрғыда, өзінше бөлек жасалды да, – Орталық, Солтүстік Қазақстанның үш сатылы үйлесімділікке негізделген Федоров, Алакөл, Замараев (Сарғара-Алексеев) немесе Федоров, Алакөл, Беғазы-Дәндібай мәдени кезеңдеуінен өзгеше, оқшау зерттеліп, дамыды. Осылайша, Шығыс Қазақстанның қола дәуірі мәселесі бөлек қарастырылып келді.

Шығыс Қазақстан қола дәуірін нақты территориялық тұрғыдан зерттеу бір жүйеге негізделмеген. Кейінгі жылдардағы А.А. Ткачев, Н.А. Ткачевалар Ертістің жоғары ағысы аймағындағы зерттеулері нәтижесінде Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің тағы бір кезеңдемесін қалыптастырды (Ткачев А.А., Ткачев

ва Н.А., 2008). Ондағы бір ерекшелігі жерлеу ескерткіштерінің қоныс материалдарымен қоса қарастыруында еді. Сондай-ақ, олар қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан тұрғындарының Ертіс өңірінің тұрғылықты халықтары екендігін айтып, олардың жапсарлас өлке тұрғындарымен тығыз байланыста болғандығын атап өтеді. Осылайша, Шығыс Қазақстан тұрғындарының батыс пен шығысқа қарай бірнеше мәрте миграцияның болғандығын айтады. Алайда, оның да қола дәуіріне қатысты негізгі тұжырымдары территориялық тұрғыдан кішкентай алқапты қамтығандықтан, өңірдің қола дәуірі мәселесін түбегейлі шешудің мүмкін еместігін көрсетті.

Археолог-ғалымдар Ә. Оразбаев пен Ә.Т. Төлеубаевтың Шығыс Қазақстанның Тарбағатай теріскейіндегі Масалы, Ескеалмас, Сабындыкөл ескерткіштеріндегі зерттеулерімен аумағының кеңейе түсуі және ғалымдардың қорытындысы бойынша бұл ескерткіштердегі материалдары негізінде Орталық Қазақстанның қола дәуіріне жақындатып және үш сатылы кезеңдеуге ұқсас деп қарастырады (Төлеубаев А.Т., 1998).

Соңғы жылдардағы авторлардың зерттеулеріндегі Шыңғыстау өңіріндегі үздіксіз қазба жұмыстарын жүргізу нәтижесінде анықталғандай Қырықкүңгір қорымындағы ескерткіштерде өртеп жерлеу дәстүрінің кездеспеуі, тиісінше алакөл кезеңімен мерзімделетін ескерткіштердің көптеп кездесетіндігі белгілі болды. Бұл өлке ескерткіштері негізінен Орталық Қазақстанның Қарқаралы аймағы жақын болып келгендіктен А.З. Бейсенов тұжырымдары төменде көрестілгендей өртеп жерлеу дәстүрі федоровтық үлгідегі ескерткіштердің болуы деген түйткілді сұрақтар туындап отыр.

Өйткені, Шығыс Қазақстанның батыс аймағымен шектесетін Қарқаралы өңірінің көне тарихы сипатталған «Шығыс Сарыарқа: Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні» атты ұжымдық монографияда өңірдің орта қола дәуірі кезеңі бойынша: «Қарқаралы-Кент өңірінің федоровтық-нұралық жерлеулерінің ерекшелігі сол, мұнда федоровтықтарға тән өртеп жерлеу дәстүрі көптеп кездеспейді. Бұл өңірдің зерт-

телген қорымдары федоровтықтар мүрделерді өртемей қою дәстүрімен алмастырған кезінен қалса керек» делінген [Алдажұманов Қ.С., Бейсенов А.З., 2004: 178].

Соңғы онжылдықта ғылыми-іздігіру және зерттеу жұмыстарының ауқымдылығының арқасында Андронов тайпаларының материалдық мәдениеті жеткілікті түрде зерттеле бастады. Ол мәселелер қатарында Андронов халқының шығу тегі мен этникалық тиістілігі, қола дәуірі ескерткіштерінің салыстырмалы және абсолюттік хронологиясы туралы гипотезалар ұсынылған. Бірте-бірте пікірталас өткірлігі «Андронов» мәдениеті туралы біздің түсінігімізді кеңейте отырып, жаңа материалдардың жиналуы аталған сұрақтардың бір жақты шешілмегенін, бірақ расталмаған ғылыми гипотезалардың алуан түрлілігімен ерекшеленді.

Андроновтанудың негізгі мәселелерінің бірі андронов мәдени-тарихи қауымдастығының генезисі болып табылады. Қазіргі уақытта қарама-қайшы келетін бұл тарихи-мәдени феноменнің шығу тегі туралы автохтондық және көші-қонның болуы туралы гипотезалар ашық талқылануда.

Өткен ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап зерттеу материалдары толығырақ түсті. Жерлеу ескерткіштерімен қатар қоныстардағы зерттеу жұмыстарының көбеюі нәтижесінде, жерлеу ескерткіштеріндегі алакөлдік ыдыстардың федоровтық ыдыстармен қатар кездесуі секілді жағдайлар мәселені қайта қарастырып, екі этностың қатар өмір сүруі туралы тұжырымдарға келе бастады.

Қазіргі уақытта федоров тайпаларының шыққан отанын анықтау мәселесі жаңа тұжырымдармен толығырақ. Өткен ғасырдың соңынан бастап федоров мәдениетінің қыш ыдыстарындағы ерекшеліктерге және жерлеу ғұрпында азиялық ықпалдар бар деген тұжырымдар қалыптасып, ғылыми ортада кең талқыға түсе бастады. Бұл тұжырымдар бойынша, федоровтықтар Алдыңғы Азиядан көшіп Орта Азия арқылы Ертіс бойына келіп қоныс тепкен дейді.

Миграциялық үдерістер туралы жоғарыдағы пікірлер тұрғысынан, федоровтық мәдениеттің шығыстан батысқа жылжу теориясын қолдаушы қазақстандық археолог И.А. Кукушкин болатын. Ол өз ойын: «б.з.д XVII ғ. – XVI ғ. басында ертеандроновтық тайпалар Орталық Азия арқылы Қазақстан жеріне келді. Оңтүстіктен солтүстікке қарай жылжу барысында олар оңтүстік, оңтүстік-шығыс (Таутары, Жетісулық

ескерткіштер), Орталық (атасулық ескерткіштер) және (амангелді және бескөлдік ескерткіштер) Солтүстік Қазақстанның далалық және Оңтүстік Оралдың орманды даласында (қожамберді типтес) араласу арқылы өтті» – деп түйіндейді (Кукушкин И.А., 2002). Осы қорытындылар негізінде қола дәуірі тайпалары мәдениетіндегі түрлі салт-дәстүрлер мен көшіп-қону кезіндегі халықтардың араласуы арқылы қалыптасқан жерлеу ескерткіштеріндегі өзгерістер және ерекшеліктер пайда болғандығын көруімізге болады.

Қола дәуіріндегі жерлеу дәстүрінде кездесетін адамды өртеп жерлеу салтын И.А. Кукушкин, Қазақстан жері мен Орал маңына Орталық Азия арқылы келген халықтар салтымен байланыстырады. Ғалым андрондықтардағы «арийлік» негіздер туралы үнді мәдениетінің көне діни-әдеби ескерткіші Ригведада, Авеста мәтіндерінде көрсетілген әлеуметтік-тұрмыстық және діни дүниетанымдық деректердің протоандрондық және андрондық мәдениеттерде көрініс табатындығымен түсіндіреді. Археолог И.А. Кукушкин: «...миграциялық үдерістер нәтижесінде үнді-арийлік типтік бейнесі Орал өңірі мен Солтүстік Қазақстанда орналасқан сынташты-петров мәдениеті ескерткіштерінде неғұрлым айқын көрсетілген. Бұл мәдениеттерде арба мен дөңгелекті жылқымен жерлеу дәстүрі бар. Сонымен қатар, бай әскери құрал-жабдықтар айқын дәлел болады. Керісінше, қайтыс болған адамды өртеу дәстүрі үнді-арийлердің әдеттегі жерлеу рәсімі ретінде саналса, біздің жағдайда неғұрлым кейінгі федоров мәдениетінің қорымдарында байқалады» – деп ойын қорытындылайды (Кукушкин И.А., 2010). Аталған деректемелерді негізге алсақ, ұсынылған пікірлердің өз шындығы бар.

Ә.М. Оразбаев ғылыми зерттеу өмірінің соңғы жылдарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясына жетекшілік жасап Шығыс Қазақстан облысы аумағында қола дәуірінің Баймұрат, Қойтас, Черновая, Сарыкөл ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізді. Осы Черновая ескерткіштері арасында екі қоршау жерлеу дәстүрі мен салт жоралғысына қарай энеолит дәуірі деп мерзімделіп, Оңтүстік Сібірдің Афанасьев мәдениеті ескерткіштерімен ұқсастығын ашып көрсеткен болатын. Алайда, ғалымның бұл ғылыми қорытындылары көзі тірісінде ғылыми айналымға енбей, қайтыс болғаннан кейін 1998 жылы ғалымға арналған ғылыми жинақта кеңінен жарияланған (Оразбаев А.М., Омаров Г.К.,

1998). Аталған зерттеулерінің қорытындысында ғалым Шығыс Қазақстандағы өмір сүрген қола дәуіріндегі халықтардың этникалық тарихы, андронов мәдениетінің жергілікті ерекшелігі және қалыптасуы немесе тарих сахнасынан жоғалуы жөнінде мәселелер қарастырылды. Расында қола дәуірі тайпалары жергілікті шеңберде ғана дамыды ма немесе сырттан келген халықтар жергілікті мәдениеттерді ығыстырып шығарды ма, олай болмаса қола дәуіріндегі экономикалық даму көрсеткіші саналатын металл өндірісінің нәтижесінде андроновтықтар жаңа мәдени-экономикалық дамудың деңгейіне көтерілді ме? – деген заңды сұрақтар туындайды. Сондай-ақ, Ә.М. Оразбаев өмірінің соңына дейін Қазақстан жерінде мекендеген көне тайпалар неолит дәуірлерінен бастап-ақ автахтонды болғандығын айтып кетті. Ғалым зерттеулері бүгінгі таңда да өз маңыздылығын жоймай, керісінше жаңа тұжырымдарға тамыздық болып келеді.

### Қола дәуіріндегі өртеп жерлеу дәстүрі

Шығыс Қазақстан өңіріндегі андрондық жерлеу дәстүріндегі ерекшелігі ретінде қарастыратын жәйт – өртке табыну дәстүрінің кездесуі. Өртеп жерлеу дәстүрі кең таралмаса да, оның негізгі атрибуттары сақталып, жерлеу орындарының ішіне жаңған күл қалдықтарын қоса жерлеу немесе мәйітті жерлегеннен кейін бетіне өртеу дәстүрлері алмастырған. Өлікті өртеу дәстүрі әрдайым қабір сыртында жасалып, өрттен қалған күл мен сүйек қалдықтары қабірге салынатын болған. Бұл дәстүр ішінара кездесуі адамның әлеуметтік мәртебесіне қарай жасалуы мүмкін және Шығыс Қазақстан аумағындағы қола дәуірі тайпалары ішіндегі сырттан келген дәстүр қалдығы болуы ықтимал.

Оттың іздері мен охранның қалдықтарының кездесуі қола дәуіріндегі жерлеу салтының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. И.В. Мерц өз зерттеулерінде Шығыс Қазақстан халқының жерлеу тәжірибесінде от іздері 7 ескерткіште 10 нысанды анықтап көрсетеді (Мерц И.В., 2017). От бірнеше түрде қолданылды: 1) жерлеу алдында қабір шұңқырының күйдірілуі, қайтыс болған адамның сүйектері оттың әсеріне ұшырамаған: Шідерті 10, Григорьевка 2, Мичурино I; 2) қайтыс болған адамның қабірде өрт жерлеу камерасының жабындысында: Ақ-Чий I; 3) қабірде күл қалдығының болуы: Қанай, Григорьевка; 4) қорған үйінділеріндегі күл дақтары: Измайловка; 5) көмуде күлмен бірге күйдірілген жануарлардың сүйектерінің болуы: Шауке.

Охра болуы 6 нысанда кездесті. Жалпы Шығыс Қазақстан үшін ерте қола дәуіріндегі халықтың жерлеу тәжірибесінде охранны пайдалану жиі емес құбылыс болып табылады.

Э.Р. Усманова мен В.В. Варфоломеев өлікті өртеп жерлеу дәстүрін федоровтықтар салты үшін классикалық тәсіл ретінде, ал ингумация дәстүрін балаларға қолданылатын балама әдіс ретінде қарастырады (Усманова Э.Р., Варфоломеев В.В., 1998).

Жаңа зерттеулер шеңберіндегі ғылыми тұжырым саналатын Н.А. Ткачева, А.А. Ткачев өздерінің бірлескен «Эпоха Верхнего Прииртышья» еңбегінде Шығыс Қазақстан аумағында қазба жұмыстары жүргізілген қола дәуірі жерлеу ескерткіштерінің тізбесін көрсетеді. Қорытынды кестесінде біздің көтеріп отырған мәселеміздегі өртеп жерлеу орындары ретінде 10 қоршауды және отқа табыну дәстүрлері кездесетін 29 ескерткішті бөліп көрсетеді (Ткачева Н.А., Ткачев А.А., 2008). Бұл дәстүр ежелгі кезеңде өте кең тарайды. Адамдар ағашпен өртеу кезіндегі түтін белгілі бір сиқырлы күшке ие, жаман күштерден тазалаушы деп түсінді. Андроновтықтардағы өртеп жерлеу тек рәсім ғана емес, сондай-ақ өрт қалдықтарын қабір шұңқырына бірге көму секілді жоралғылар қатар орындалып отырған. Өртенген күл қалдықтары жерлеу камерасының түбінде орталық немесе шығыс бөлігінде шағын көлемде кездескен, сондай-ақ, батыс қабырға тұсында әдетте жануарлардың сүйектері мен ыдыстар болған.

Әлемдік ежелгі діни үдерістерді зерттеуші С.А. Токаревтің анықтауы бойынша, қабір іші әлемі осы өмірдің жалғасы іспеттес болады. Адам өлгеннен кейін де әлеуметтік ерекшеліктері жалғасады, сондай-ақ екі дүниеде де өмір сүру жағдайларының ұқсастығын меңзейді (Токарев А.С. 1990).

Сөзсіз андроновтықтарда да осындай дүниетанымдық түсініктердің өзіне тән ерекшеліктері болды. Жалпы қабылданған ғылыми көзқарас бойынша, андроновтықтардың кейбір дәстүрлерінің түп-тамыры үнді-ирандық мәдени құндылықтармен астасып жатқандығы және аталған тұжырымдардың негізінде қола дәуіріндегі мәдени сабақтастықтарды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Өлікті өртеп жерлеу дәстүрі дүниетанымдық негіздерге сүйене атқарылатын шара болып саналады. М.Ф. Косаревтың пікірі бойынша, өртеп жерлеу рәсімі қайтыс болған адамның екі өмірлік ортасын байланыстыратын негізгі бекет, яғни жан мен дененің байланысын ажыратады.

Әр жан мен рухтың өз жолы болды. Өлмейтін жан өртеу дәстүрі арқылы аспанға көтерілген түтінмен келесі жанға барып қонады, сол арқылы сәби дүниеге келеді деп сенген. Жанның рухы әр түрлі ғұрыптар негізінде төменгі әлемге бағытталадығын айтады. Ғалым мұндай жерлеу дәстүрлерінің энеолит дәуірлерінен бастап Сібір аймағында кең таралған, әсіресе орал-батыс сібір аумағына тән, – дейді (Косарев М.Ф., 2003: 158-159).

Орталық Қазақстан аумағы мен Батыс Сібір өлкелеріндегі зерттеу жұмыстары нәтижесінде А.А. Ткачев қола дәуіріндегі тарихи-мәдени үдерістер туралы өзіндік пікірін ұсынады (Ткачева Н.А., Ткачев А.А., 2008). Ол бойынша, Батыс Сібір өлкелерінде екі көшпелі тайпалардың қосылу нәтижесінде Еуразияның далалық аймақтарында алқашқы көшпелі қауым пайда болды. Олардың көшу бағыты солтүстік-шығыстан оңтүстік батысқа қарай бағытталып Шығыс, Солтүстік Қазақстан территориялары арқылы өтіп оңтүстік-батысқа қарай жылжыған. Көші-қон үдерістері кезінде олар өздерінің жерлеу кезіндегі ғұрыптары мен салт-жоралғыларын жергілікті тайпалардың дәстүрлеріне қалдырып отырған.

Археолог-ғалым Ұ. Үмітқалиев зерттеулерінде «Федоров мәдениетінің өзіндік ерекшелігі саналатын қыш ыдыстарының аздаған ерекшелігі мен өртеп жерлеу салты аз да болса алакөл мәдениетінде де кездесетіндіктен, бұл дәстүр жоралғылардың бір мәдениет ішіндегі белгілі бір салтты орындау барысында жасалған шаралар болуы мүмкін бе деген ойлар бар», – дейді (Үмітқалиев Ұ., 2013: 135).

Федоров мәдениетінің ерекшеліктері мен таралу бағыттары туралы айта келе, Е.Е. Кузьмина «Классификация и периодизация памятников Андроновской культурной общности» атты еңбегінде Шығыс Қазақстан жеріндегі федоровтықтар батыс сібірлік мәдениетті ұстанушы жергілікті халықты өздеріне сіңіріп алғандығын айтады (Кузьмина Е.Е., 2008: 207-208). Оның ойынша, Шығыс Қазақстан тайпалары генетикалық жағынан Батыс сібір халықтарына жақын.

### Қорытынды

Қорыта келе, қола дәуірі кезеңін зерттеуде ең түйткілді мәселелердің бірі жерлеу салтындығы әркелкі салттардың кездесуі және олардың қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми тұжырымдардың әркелкілігін көріп отырмыз. Федоров мәдениеті таралған негізгі аймақтардың бірі саналатын Шығыс Қазақстан өлкесі де жоғарыда аталған мәселелерден тыс қалмақ емес. Керісінше, қола дәуіріндегі миграциялық үдерістер тұрғысынан жерлеу ескерткіштерінде кездесетін кейбір дәстүрлер жергілікті халыққа тиесілі ме, әлде көші-қон үрдістері кезінде сырттан келген халықтармен бірге келген дүниетанымдық жоралғылар негізінде сіңісіп отырды ма? Сондай-ақ, зерттеуімізде қарастырып отырған кейбір қорытындылар негізінде, қола дәуірі халықтарының шығу тегі мен миграциялық үрдістерге қатысты жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз.

### Әдебиеттер

- Ткачев Н.А. Ткачев А.А. (2008) Эпоха бронзы Верхнего Прииртышья. Новосибирск: «Наука».
- Толубаев А.Т. (1998) Памятники эпохи бронзы Ескеалмас и Масалы в северных склонах Тарбагатай // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы. С. 83-104.
- Алдажұманов Қ.С., Бейсенов А.З. Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. (2014). Алматы: Эверо.
- Кукушкин И.А. (2002). К проблеме андроновского «арийства». Северная Евразия в эпоху бронзы: пространство, время, культура: Сборник научных трудов / Под ред. Ю.Ф. Кирюшина и А.А. Тишкина. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та.
- Кукушкин И.А. (2010) О происхождении андроновской культурно-исторической общности. Вестник КарГУ. Сер. Истия.Философия. Право. №2(58).
- Оразбаев А.М., Омаров Г.К. (1998). Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана. Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Алматы.
- Мерц И.В. (2017) Культура населения Восточного Казахстана в эпоху ранней бронзы // Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук /Специальность 07.00.06 – Археология. Барнаул.
- Усманова Э.Р., Варфоломеев В.В. (1998) Уйтас-Айдос – новый могильник эпохи бронзы // Вопросы археологии Казахстана. Вып. 2. Алматы.
- Токарев С.А. (1990) Ранние формы религии. Москва.
- Косарев М.Ф. (2003) Основы языческого миропонимания: по сибирским археолого-этнографическим материалам. Москва.

Үмітқалиев Ұ. Ә.М. (2013) Оразбаев және Қазақстанның қола дәуірі. Далалық Еуразияның бегазы-дәндібай мәдениеті. Ж. Құрманқұловтың 65 жылдық мерейтойына арналған ғылыми мақалалар жинағы. Алматы.

Кузьмина Е.Е. (2008) Классификация и периодизация памятников Андроновской культурной общности. Актобе.

#### References

Tkachev N.A. Tkachev A.A. (2008) Epokha bronzy Verkhnego Priirtysia [The bronze Age of the Upper Irtysh]. Novosibirsk: «Nauka».

Toleubayev A.T. (1998). Pamyatniki epokhi bronzy Eskealmas i Masaly v severnykh sklonakh Tarbagataya [Monuments of the bronze age Escalpas Masala in the Northern slopes of the Tarbagatay] // Problemy izucheniya i sokhraneniya istoricheskogo naslediya. Almaty.

Aldazhumanov K.S., Beysenov A.Z. (2014) Shygys Saryarka. Karkaraly onirinin otkeni men bugini. [East of Saryarka. Karkaraly region in the past and present]. Almaty: Evero.

Kukushkin I.A. (2002) K probleme andronovskogo «ariystva» [The problem Andronovo «Aryan»] // Severnaya Evraziya v epokhu bronzy: prostranstvo, vremya, kultura: Sbornik nauchnykhtrudov / Pod red. Yu.F. Kiryushina i A.A. Tishkina. Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta.

Kukushkin I.A. (2010) O proiskhozhdenii andronovskoy kulturno-istoricheskoy obshchnosti [On the origin of the Andronovo cultural and historical community]. Vestnik KarGU.. Ser. Istoiya.Filosofiya. Pravo. №2(58).

Orazbayev A.M., Omarov G.K. (1998). Nekotoryye itogi arkheologicheskogo issledovaniya Vostochnogo Kazakhstana [Some results of archaeological research of East Kazakhstan]. Problemy izucheniya i sokhraneniya istoricheskogo naslediya. Almaty. S. 9-71.

Merts I.V. (2017) Kultura naseleniya Vostochnogo Kazakhstana v epokhu ranney bronzy [Culture of the population of East Kazakhstan in the early bronze age]. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk /Spetsialnost 07.00.06 – Arkheologiya. Barnaul. 2017.

Usmanova E.R., Varfolomeyev V.V. (1998) Uytas-Aydos – novyy mogilnik epokhi bronzy [Uytas-Aydos – new bronze age burial site]. Voprosy arkheologii Kazakhstana. Vyp. 2. Almaty.

Tokarev S.A. (1990) Ranniye formy religii. Moskva [Early forms of religion].

Kosarev M.F. (2003) Osnovy yazycheskogo miroponimaniya: po sibirskim arkheologo-etnograficheskim materialam [The foundations of the pagan worldview: the Siberian archaeological and ethnographic materials]. Moskva.

Umitkaliyev U.U. (2013) Orazbayev zhane Kazakstannyn kola dauiri [Orazbaev and the bronze age of Kazakhstan]. Dalalyk Euraziyany begazy-dandibay madeniyeti. Zh. Kurrmankulovtyn 65 zhyldyk mereytoyyna arnalgan gylimi makalalar zhinagy. Almaty.

Kuzmina E.E. (2008) Klassifikatsiya i periodizatsiya pamyatnikov Andronovskoy kulturnoy obshchnosti [Classification and periodization of monuments of the Andronovo cultural community] Aktobe.